

## Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесін бекіту туралы

### *Күшін жойған*

Қазақстан Республикасы Үкіметінің 2004 жылғы 21 қаңтардағы N 60 қаулысы. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1115 қаулысымен *Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2006 жылғы 23 қарашадағы N 1115 қаулысымен (алғаш рет ресми жарияланған күнінен бастап қолданысқа енгізіледі).*

"Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесі бекітілсін.
2. Осы қаулы ресми түрде жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы н ы ң

*Премьер-Министрі*

Қ а з а қ с т а н      Р е с п у б л и к а с ы

Ү к і м е т і н і ң

2 0 0 4      ж ы л ғ ы      2 1      қ а ң т а р д а ғ ы

N      6 0      қ а у л ы с ы м е н

бекітілген

### **Денсаулық сақтау саласында аттестаттауды өткізу ережесі**

#### **1. Жалпы ережелер**

Осы Ереже "Денсаулық сақтау жүйесі туралы" Қазақстан Республикасының 2003 жылғы 4 маусымдағы Заңына сәйкес әзірленді және денсаулық сақтау саласындағы аттестаттауды өткізудің тәртібі мен шарттарын айқындайды.

1. Денсаулық сақтау саласындағы аттестаттау - медицина және фармацевтика кадрларының кәсіби біліктілігінің деңгейін айқындайтын мерзімді жүзеге а с ы р ы л а т ы н р ә с і м .

2. Аттестаттау кезінде бағалаудың негізгі өлшемі аттестатталушы адамдардың оларға жүктелген міндеттерді орындау қабілеті болып табылады.

3. Мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасы жергілікті органдары мен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары, меншік нысанына қарамастан, денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика кадрлары, медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке

тұлғалар (бұдан әрі - аттестатталушы адамдар) аттестаттауға жатады.

4. Аттестатталушы адамдар әрбір келесі үш жыл өткеннен кейін, бірақ осы лауазымға орналасқан күнінен бастап 1 жылдан ерте емес, аттестаттаудан өтеді.

## **2. Аттестаттау комиссиясы**

5. Аттестаттау рәсімін Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі мен денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары құрған аттестаттау комиссиялары жүзеге асырады.

Аттестаттау комиссиясы комиссия мүшелерінен және хатшыдан тұрады. Аттестаттау комиссиясының мүшелері ішінен төраға тағайындалады. Аттестаттау комиссиясы мүшелерінің саны бес адамнан кем болмауы тиіс.

6. Аттестаттау комиссиясының құрамына практикалық денсаулық сақтаудың, медицина және фармацевтика ғылымының, қоғамдық және кәсіподақ ұйымдарының өкілдері кіреді.

7. Егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, аттестаттау комиссиясының отырысы заңды болып саналады.

8. Дауысқа салудың нәтижесі комиссия мүшелерінің көпшілік даусымен айқындалады. Дауыстар тең болған кезде, комиссия төрағасының даусы шешуші болып табылады.

9. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдарының басшыларын, мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары мен республикалық денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика кадрларын аттестаттауды Қазақстан Республикасының Денсаулық сақтау министрлігі құратын аттестаттау комиссиялары жүргізеді.

10. Меншік нысанына қарамастан, денсаулық сақтау ұйымдарының медицина және фармацевтика кадрларын, сондай-ақ медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғаларды аттестаттауды денсаулық сақтауды мемлекеттік басқарудың жергілікті органдары құратын аттестаттау комиссиялары жүргізеді.

**3. Мемлекеттік денсаулық сақтау басқармасы жергілікті органдары мен мемлекеттік денсаулық сақтау ұйымдарының басшылары, меншік нысанына қарамастан денсаулық сақтау ұйымдарының медициналық және фармацевтикалық кадрларын аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру**

11. Денсаулық сақтау органдары немесе ұйымдарының кадр қызметі осы Ереженің 4-тармағына сәйкес аттестаттауға жататын аттестатталушы адамдарды айқындайды.

12. Денсаулық сақтау органы немесе ұйымының басшысы кадр қызметінің ұсынуы бойынша аттестаттауға жататын аттестатталушы адамдардың тізімін бекітеді және аттестаттау комиссиясына жібереді.

13. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды өткізудің мерзімдері туралы

аттестатталушы адамдарды оны өткізгенге дейінгі бір айдан кешіктірмей  
жазбаша хабардар етеді.

14. Денсаулық сақтау органдары мен ұйымдарының кадр қызметі аттестаттау үшін аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттарды жібереді:

1) денсаулық сақтау органының немесе ұйымының басшысы қол қойған, "таныстым" деген белгісі бар, аттестатталушы адам қол қойған қызметтік міннездеме;

2) кадрларды есепке алу жөніндегі жеке парақ;

3) өмірбаян;

4) білімі туралы дипломның көшірмесі;

5) біліктілікті арттыру циклдарынан өткені туралы куәліктердің көшірмелері;

6) ғылыми дәрежесі, атағы немесе біліктілік санаты туралы куәліктердің көшірмелері.

15. Қызметтік мінездемені аттестаттауға жататын аттестатталушы адамның тікелей басшысы ресімдейді.

16. Қызметтік мінездемеде аттестатталушы адамның кәсіби, жеке басының қабілеттері мен қызметінің нәтижелері негізделген бағасы қамтылуы тиіс.

17. Кадр қызметі аттестатталушы адамды оған берілген қызметтік мінездемемен аттестаттау комиссиясының отырысына дейінгі үш апта мерзімнен кешіктірмей таныстыруы тиіс.

18. Аттестатталушы адам берілген қызметтік мінездемеге өзінің келіспейтінін білдіруге және оны сипаттайтын ақпаратты аттестаттау комиссиясына беруге құқығы бар.

#### **4. Жеке медициналық және фармацевтикалық қызметпен жүзеге асыратын жеке құралдарды аттестаттауды өткізуді ұйымдастыру**

19. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдары осы Ереженің 4-тармағына сәйкес аттестаттауға жататын аттестатталушы адамдарды айқындайды.

20. Денсаулық сақтауды мемлекеттік басқару жергілікті органдарының басшылары аттестаттауға жататын аттестатталушы адамдардың тізімін бекітеді.

21. Аттестаттау комиссиясы аттестаттауды өткізу мерзімдері туралы аттестатталушы адамдарды оны өткізгенге дейінгі бір айдан кешіктірмей жазбаша хабардар етеді.

22. Аттестатталушы адам аттестаттау комиссиясына мынадай құжаттарды жібереді:

1) медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыруға лицензияның көшірмесі;

2) өмірбаян;

3) білімі туралы дипломның көшірмесі;

- 4) біліктілікті арттыру циклдарынан өткені туралы куәліктердің көшірмелері;
- 5) ғылыми дәрежесі, атағы немесе біліктілік санаты туралы куәліктердің көшірмелері.

## **5. Аттестаттауды өткізу**

23. Аттестаттауды өткізуге дайындықты аттестаттау комиссиясы ұйымдастырады. Ол мынадай іс-шараларды қамтиды:

- 1) аттестатталушы адамға қажетті құжаттарды дайындау;
- 2) аттестаттауды өткізу кестесін әзірлеу;
- 3) аттестаттауды өткізудің мақсаты мен тәртібі туралы түсіндіру жұмысын ұйымдастыру.

24. Аттестатталушы адамға аттестаттау комиссиясы осы Ережеге қосымшаға сәйкес нысан бойынша аттестаттау парағын ресімдейді.

25. Аттестаттау комиссиясы аттестатталушы адамның қатысуымен аттестаттауды өткізеді.

Аттестаттау комиссиясының отырысында дәлелді себептермен болмаған аттестатталушы адам жұмысқа шыққаннан кейін, аттестаттау комиссиясы белгілеген мерзімдерде аттестаттаудан өтеді.

26. Аттестаттау комиссиясы ұсынылған материалдарды зерделеп және денсаулық сақтау саласындағы уәкілетті орган бекітілген тәртіппен аттестатталушы адамды тестілеуден өткізіп және әңгімелесуді жүргізе отырып, мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

- 1) аттестатталды;
- 2) аттестатталмады.

27. Аттестатталмағаны туралы қорытынды аттестатталушы адаммен еңбек қатынастарын бұзу үшін, ал медициналық және фармацевтикалық қызметті жүзеге асыратын жеке тұлғалар үшін қолданыстағы заңнамаға сәйкес лицензияның қолданылуын тоқтата тұруға негіздеме болып табылады.

Аттестатталмаған адамдар біліктілігін арттырудан немесе қайта даярлаудан өтуі шартымен қайта аттестаттаудан өте алады.

Қайта аттестаттау аттестаттау комиссиясы белгілейтін мерзімдерде, бірақ біріншісінен кейін 6 айдан кейін бір мәрте өткізіледі.

28. Аттестаттау комиссиясының шешімі отырыстың хаттамасымен ресімделеді, оған отырысқа қатысқан аттестаттау комиссиясының төрағасы, мүшелері және хатшысы қол қояды.

29. Аттестатталушы адам аттестаттау комиссиясының шешімімен таныстырылуы тиіс.

30. Аттестаттау комиссиясының шешімі аттестация өткен күннен бастап 1 ай мерзімде аттестаттау комиссиясын құрған органның бірінші басшысының бұйрығымен бекітіледі.

31. Аттестаттау комиссиясының бекітілгенше шешімдері аттестатталушы адамның аттестаттау парағына енгізіледі.

32. Аттестаттаудан өткен аттестатталушы адамның аттестаттау парағы оның жеке ісінде сақталады.

### **6. Қорытынды ережелер**

33. Аттестаттаудан өткізу кезінде туындайтын даулар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен қаралады.

Д е н с а у л ы қ      с а қ т а у  
с а л а с ы н д а      а т т е с т а т т а у д ы  
ө т к і з у      е р е ж е с і н е  
қосымша

### **АТТЕСТАТТАУ ПАРАҒЫ**

Тегі, аты, әкесінің аты \_\_\_\_\_

Туған күні \_\_\_\_\_

Білімі туралы, біліктілігін арттырғаны, қайта даярланғаны туралы мәліметтер \_\_\_\_\_

Лауазымы және тағайындалған (осы лауазымға бекітілген) күні \_\_\_\_\_

Жалпы еңбек стажы \_\_\_\_\_

Осы лауазымдағы еңбек стажы \_\_\_\_\_

Біліктілік санаты мен атақтары болуы \_\_\_\_\_

Дауысқа салу нәтижелері бойынша қызметкер жұмысының бағасы \_\_\_\_\_

Отырысқа Аттестаттау комиссиясының \_\_\_\_\_ мүшесі қатысты.

Д а у ы с т а р д ы ң      с а н ы :

"дауысқа салудың нәтижесін жақтаған" \_\_\_\_\_

"дауысқа салудың нәтижесіне қарсы" \_\_\_\_\_

"дауысқа салудың нәтижесі бойынша қалыс қалған" \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының төрағасы \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының хатшысы \_\_\_\_\_

Аттестаттау комиссиясының мүшелері \_\_\_\_\_

Аттестаттау өткізілген күні \_\_\_\_\_

Аттестаттау парағымен таныстым \_\_\_\_\_

(аттестатталушы адамның қолы және күні)

Мемлекеттік органның  
мөріне арналған орын

---

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК